




СӨЖ


Әдеби тілдің функционалдық- стилистикалық айырым белгілері

Орындаған: Әйгерім Карбозова
Тексерген: Жайнагүл Дүйсебекова




- Әдеби тілдің негізгі функционалдық-стильдік негіздемелерін алға қоя отырып, сол немесе басқа функционалдық түрлерге жіктеуге болады.


- **Л.В.Щербаның** әдеби тілдің функционалды-стильдік ұйымдасуын *«шоғырланған шеңбер»* деп қарастырады. Әр шеңбердің негізгі және толық қатардың қосымшасы болады. Олардың әрқайсысының мағынасы болады.



Қазіргі қазақ тіліндегі
функционалдық стильдер,
оның ішінде көркем әдебиет
стилінің қалыптасуы, дамуы
және бүгінгі хал-жайында
ұғым қалыптасуы үшін, ең
алдымен осы категорияның
беретін ұғымы мен қазақша
аталуына тоқталу қажет.


- 
- Функционалдық стилистика саласында жұмсалатын функция сөзі тілдік құралдардың қарым-қатынас процесінің әр түрлі салаларында «жұмсалу мақсаты, атқаратын рөлі, сол салада қолдануға арналуы» деген ұғымды білдіреді.

- Орыс тіліндегі **«функциональный стиль»** дегенді қазақша **«мақсаттық стиль»** немесе **«арнаулы стиль»** деп атауға келеді. **«Функциональный стиль»** тілдің қолданыстағы (в речи) күй-қалпына қатысты болғандықтан, **«қолданыс стильдері»** деген деп атауға да келеді.


- 
- Тіл қолданысқа түскенде, әлеуметтік қызмет атқарады, яғни адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасына, олардың әртүрлі әлеуметтік ортасының тіл жұмсау мақсатына сай қызмет етеді, демек, талдап отырған терминді «әлеуметтік қызмет стилі» немесе «қызметтік стиль» дегеніміз икемге келер еді.

Қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің функционалдық стильдері: көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, ғылыми, эпистолярлық стильдер және ресми іс-қағаздары мен кеңсе қағаздары стилі деп жіктелетін болса, оларды бір-бірінен ажырататын тілдік белгілері болулары керек.

- **М.Балақаев ғылыми стильдің өзіне тән белгілерін:** «Тілі жинақы, стилі қатан, сөздері дәлме-дәл, тап-тұйнақтай болу, бірізділік және дәлділік деп атайды, оның үстіне сөйлемдері күрделі болады, сабақтас сөйлемнің басыңқы сыңарлары ойдың негізгі бөлшегі болып, бағыныңқы сөйлемге ерекше мағыналық қызмет жүктеледі, мұнда диалектизм, жаргон, қарапайым сөздер болмайды, шартты белгілер мен қысқартулар көп болады», - деп түйеді.

- 
- **Публицистикалық стильде бірізділік күшті болады. Терминдерді, сөз тіркестерін жұмсауда, сөйлемдерді құрастыруда әдеби тілге және өзіне тән дәстүрлі қалыптасқан нормаларды қатал сақтайды, баспасөз беттерінде метафоралық қолданыстар болады.**

- **Көркем әдеби стильдің ерекшелігі** эстетикалық қызметте жұмсалуда; жазушы образды, ұтымды сөздерді, фразалар мен мақал-мәтелдерді халық тілінен, фольклордан алып пайдаланумен қатар, өздері де жаңаларын жасайды, өзге стильдердің элементтерін жұмсайды, диалектизм, архаизм, кәсіби сөз, жаргондарды пайдаланады.




Функционалдық стильдердің мұндай «сыртқы» , яғни тілдік, материалдық белгілерінен басқа, «ішкі», яғни мағыналық ерекшеліктері де ескерілуі тиіс. Оны орыс тіл білімі жақсы көрсетеді.


Орыс тіл білімінде әр функционалдық стиль жеке-жеке монографиялық, диссертациялық еңбек түрінде әлдеқайда кеңінен, терең жан-жақты зерттеліп келеді. Ал қазақ тіл білімінде алғашқы қазақ газеттерінің тілін

Б.Әбілқасымов, совет дәуіріндегі қазақ баспасөзінің тілін **С.Исаев** зерттеген бірді-екілі монографиялар болмаса, әрбір стильге жеке-жеке арнап жазылған еңбектер немесе жинақтар жоқтың қасы.

- Функционалдык стильді айқындауда тілдің әлеуметтік мүддені көздеп жұмсалуды – негізгі принцип. Зерттеуші М. Н. Кожина функционалдык стильдерді шығарманың жанрына я болмаса экспрессиялық сипатына, сондай-ақ сөздің айтылу түріне (ауызша не жазбаша) қарай ажырату лингвистикалық ғылым тұрғысынан негізгі принцип бола алмайды дейді.

- Сондықтан көркем әдебиет стилін айқындайтын принциптерді өзге тұстардан іздеу керек. Айталық, көркем әдебиеттің коммуникативтік қызметіне үстелетін эстетикалық қызметі оның функционалдық стилін танытатын белгілерінің бірі болмақ.

- 
- Сол себептен орыс тілінің көркем әдебиет стилі көбінесе ғылыми әдебиет стилімен, я болмаса публицистикалық стильдерімен салыстырыла зерттеліп жүр.



М.Н. Кожина функционалдық стилдер тұрғысынан қарағандағы көркем әдебиет пен ғылым тілінің ерекшеліктерін сөз ету барысында жіктеу есімдіктері мен қыстырма сөздердің екі стильде қолданылу активтігін сан жағынан есептеп көрсетеді.

- Мен (я) деген I жақтық жіктеу есімдігі Менделеев пен Столетовтің 10000 сөзді қамтитын текстерінде бірде-бір рет кездеспесе, Циолковскийде 9, Павловта 24, Толстойда 75, Тургеневте 104, Чеховта 136 рет қолданылған екен.

Көркем әдебиет стилінің өзге мақсаттық стильдерге қарағанда олардан өзгешеленетін тұстары бар:

1) Экспрессивті, әсерлі, суреттеме бояуы, бағалауыш сипаты күшті элементтердің жиірек қолданылатындығы;

2) Көркем әдебиетте қарапайым сөздер мен көне сөздердің, әдеби нормадан тысқары тұратын диалектизм, варваризм, дөрекі сөз, макорнизм сияқты сөздердің стильдік мақсатта еркін қолданыла беретіндігі;

3) Ғылыми терминдер мен тілдік трафареттердің қолданылмайтындығы, қолданыла қалған күнде олардың белгілі бір стильдік жүкпен, мысалы, кейіпкер тілінде кездесетіндігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Стилистика и литературное редактирование. Москва. 2004.
- 2. Р. Сыздық. Сөз күдіреті.
- 3. Р. Сыздық. Сөз сазы. Тілдік норма және оның қалыптануы. 8-том. Алматы, 2014